



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Ақтөбе қаласы

№ 155

02.09.2025ж.

«Еңбекті қорғау және
қауіпсіз еңбек жағдайын
құру бойынша қауіпсіздікті
сақтау туралы»

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2007 жылғы 15 мамырдағы 5 бөлім 317 бап бойынша мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде еңбек жағдайын құру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, қызметкерлер мен оқушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау, еңбекті қорғау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережесін сақтау жауапкершілігі мектеп директоры А. С. Джамбуловаға, яғни өзіме қалдырамын.

2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережесін сақтау үшін төмендегі комиссия құрамы бекітілсін:

1. А. С. Джамбулова – мектеп директоры
2. А. К. Бекбулатова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Р. Т. Избасова – директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
4. Г. М. Сатыбалдина – кәсіподақ төрайымы
5. С. К. Шарипов – АӨТД жетекшісі

3. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.К.Бекбулатова, кәсіподақ төрайымы Г. М. Сатыбалдинаға төмендегі жұмыстарды орындау жауапкершілігі жүктелсін:

- Оқу-тәрбие үрдісінде еңбекті қорғау ережесі мен нормасын сақтау жұмыстары ұйымдастырылсын;
- Оқу кабинеттеріндегі көрнекі құралдар, приборлармен жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бақылауға алынсын;
- Практикалық, зертханалық жұмыс кезінде еңбекті қорғау нұсқалығын сақтау бақылауға алынсын;
- Оқушылар мен мұғалімдердің қауіпсіздік ережелері нұсқаулығымен таныстыру сабақтарын өткізу оның ұйымдастырылуын бақылауға алу;
- «оқушылардың жазатайым оқиғаға тіркеу журналын» жүргізу;
- Өрт қауіпсіздігі т.б. ұйымдармен бірге нұсқау-жаттығуларын өткізуді ұйымдастыру.

4. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м. у. а., аға тәлімгер А. С. Ахметоваға:

- Оқушыларды пайдалы қоғамдық еңбекке тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында еңбекті қорғау және сақтау нормаларын басшылыққа алу;
- Мектептен тыс шараларды ұйымдастыруда санитарлық-гигиеналық нормаларды орындау, өрт қауіпсіздігі, жол қауіпсіздігі ережелерінің орындалуын бақылауға шара ұйымдастыру;
- Оқушыларды жол қауіпсіздігін сақтандыру, жарақатты болдырмау шараларына түрлі тәрбиелік сабақтар ұйымдастыру;
- Мектепте және мектептен тыс шаралар өткізуде еңбекті қорғау және сақтау ережелерімен таныстыру, оны тіркеу журналын жүргізу;

- Сабақтан тыс уақытта оқушылардың жазатайым оқиғаға тіркелу журналын жүргізу.

5. Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Р. Т. Избасоваға төмендегі жұмыс орындау жауапкершілігі жүктелсін:

- Жылма-жыл арнайы ұйымдармен бірігіп, мектеп ғимаратындағы мүліктер мен электрлік жүйе жылыту құбырларының, өрттен сақтау қауіпсіздігін тексеруден өткізіп, жеңіл жөндеу жұмыстарын мәзгілінде өткізіп отыруды қамтамасыз ету;
- Түрлі заттарды көтеру, түсіру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Өрттен қорғау құралдарын тексерістен өткізу, ғимараттың өрттен қорғау шараларын қатаң бақылауға алынсын;
- Ғимараттың санитарлық-гигиеналық жағдайын үнемі бақылауға алып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Жұмыстың түріне қарауы кіші қызметкер жұмыстарын еңбекті қорғау нормасын таныстырып, арнайы «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережесімен таныстыру» тіркеу журналын жүргізу;
- Жұмысшыларды арнайы жұмыс киімімен, қолғап т. б. құралдармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- Оқу кабинеттері, асхана т. б. кабинеттерінде қауіпсіздік ережесі мен нормасын сақтандыратын құрал-жабдықтардың болуын, уақытында алмастырылуын қамтамасыз етіп отыру.

6. Кабинет меңгеруші төмендегі жауапкершілік жүктелсін:

1. Азаматова Г. К. – технология кабинеті (қыздар)
2. Кожобеков С.Ш. – технология кабинеті (ер балалар)
3. Демеубаева Г. А. – бастауыш класс кабинеті
4. Алгазина Р.К- биология кабинеті
5. Даулетбай С.С. – информатика кабинеті
6. Ғазизова А. Қ. – бастауыш класс кабинеті
7. Жасағанбергенова А. Н. – бастауыш класс кабинеті
8. Жусипова Т. М. – бастауыш класс кабинеті
9. Абдраухова Ж. Ж. – қазақ тілі кабинеті
10. Жанаева Г. Б. – физика кабинеті
11. Турикпенбаева А. Т. – химия кабинеті

- Компьютерлер жұмыс орындарын, оқу-әдістемелік құрал-жабдықтарда, спорттық тауарларды, еңбек құралдарының жұмысқа жарамсыздығы қатаң бақылауға алынып, қадағалап отыру;
- Жараксыз құрал-жабдықтармен оқушылардың жұмыс жасауына жол бермеу, жібермеу;
- Еңбек қауіпсіздігін сақтау нұсқаулығы мен уақтылы таныстырып отыру;
- Кабинеттегі өрт қауіпсіздігі жабдықтары, дәрігерлік көмек қобдишасы, түрлі қорғану заттарының болуын қамтамасыз ету;
- Оқушыларды «Қауіпсіздік ережесімен таныстыру» журналын жүргізу;
- Кабинеттегі қауіпсіздік жағдайды дер кезінде мектеп әкімшілігіне хабарлап отыру;
- «Жазатайым оқиғаны тіркеу» журналын жүргізу.

12. Пән мұғалімдері, класс жетекшілер мен тәрбиешілеріне төмендегі жауапкершілік жүктелсін:

- Оқу-тәрбие жұмысын қауіпсіздік жағдайда ұйымдастыру;
- Жазатайым оқиғаны болдырмау жұмысын ұйымдастыру, қадағалау, болған жағдайда көмек ұйымдастыру;
- Сабақ барысында оқушыларды пән бойынша қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, практикалық жұмыстар ұйымдастыру (үйде, жол бойында еңбек ету) барысында қатаң бақылауға алу;
- Сабақ үстінде оқушылардың өмірінің сақталу мен денсаулығына тікелей жауапкершілікпен қарау.

13. Еңбекті қорғау ережесін оқушылардың сақтауын тікелей жүзеге асыруды ұйымдастыру С. К. Шариповке төмендегі жауапкершілік жүктелсін:

- Оқу-тәрбие үрдісінде мектеп оқушыларымен қауіпсіздік ережесінің сақталуын қамтамасыз ету;
- Оқушылардың өмірін, денсаулығының сақталуына байланысты өткізілетін шараларды ұйымдастыру, өткізу;
- Қауіпсіздікке қатысты орындар мен ұйымдар бірігіп іс-шаралар ұйымдастыру;
- Жылына Азаматтық қорғанысқа байланысты өткізілетін жаттығуды өткізу, даярлық жасау;
- Оқушыларға, мектеп жұмысшылары мен мұғалімдеріне қорғауға байланысты кеңес жүргізу, ұйымдастыру;
- Жазатайым оқиғаға байланысты комиссия мүшелеріне қатысу;
- Еңбекті қорғау сұрақтарына байланысты қоғамдық-әкімшілік бақылауды жүзеге асыру;
- Сабақ кезінде оқушылардың денсаулығына мен өміріне жеке жауапкершілік жүктеледі.

14. Мектеп директоры міндетіне немесе оны алмастырушы орынбасарға жүктеледі:

- Жұмысқа алған қызметкерлердің дәрігерлік тексерістен өткізілуін талап ету;
- Оқушыны, қызметкерлердің мезгілінде дәрігерлік тексерістен өткізілуін бақылауға алу;
- Еңбекті қорғау, СЭС, өрттен қорғау, госнадзор ұйымдарының нұсқау хаттары бойынша нормативтік құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету;
- Оқыс жағдаятты болдырмаудың шараларын мезгілінде алып отыру, жою жұмыстарын ұйымдастыру;
- Жұмысқа қабылдау кезінде жұмысшыны қауіпсіздік ережесімен таныстыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Оқу-тәрбие үрдісінде оқушы мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей жауап береді;
- Еңбекті қорғау қауіпсіздігімен таныстыру, тіркелу журналдарының жүргізілуін тікелей бақылау.

15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А. С. Джамбулова